

## Автомобиль көлігі туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 476 Заны.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "пошта", "постаны", "Постаны" және "Почта" деген сөздер тиісінше "пошта", "постаны", "Поштаны" және "Почта" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 03.07.2014 № 230-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң автомобиль көлігі саласында тасымалдаушылар, жолаушылар, жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, басқа да жеке және занды тұлғалар арасында туындаитын қатынастарды реттейді.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялар мен апарттар кезінде шұғыл шақыру жүйесі (бұдан әрі – шұғыл шақыру жүйесі) – шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерге Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар туралы қалыптасқан ақпаратты беруді қамтамасыз ететін, навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары мен деректерін пайдалана отырып жұмыс істейтін мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

1-1) автобус – жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар, жолаушылар мен бағажды тасымалдауға арналған автомобиль көлігі құралы;

2) автовокзал - жолаушылар легі тәулігіне бес жүзден астам адам болатын, жолаушыларға және автобустардың жүргізушілеріне қызмет етуге арналған және оған: жетпіс бестен астам адам сиятын күту залы және билет кассалары бар күрделі ғимарат, жүргізушілерді медициналық куәландыру және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету пункттері, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, автобустарды қарау посттары, диспетчерлік пункттер және ана мен бала бөлмесі кіретін, кемінде бес мың шаршы метр аумақта орналасқан құрылыштар кешені;

2-1) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері көрсететін қызметтер – жолаушылар мен бағажды автомобильмен тасымалдауды қамтамасыз етуге байланысты автовокзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде жеке және (немесе) занды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет;

3) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану - автокөлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар, техникалық әсер ету (диагностикалау, техникалық қызмет ету, жөндеу) кешені;

3-1) автоматтандырылған өлшеу станциясы – метрологиялық салыстырып тексеруден өткен, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлігі құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмақтық және габариттік параметрлерін, осытік жүктемелерін және жүру жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың зияткерлік көлік жүйесімен интеграцияланған кешені;

4) автомобиль көлігі – қызмет аясы автокөлік құралдары мен инфрақұрылымды пайдалана отырып, жолаушылар, багаж, жүктөр мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылатын экономика саласы;

5) автомобиль көлігі инфрақұрылымы – тасымалдау процесінің ұздіксіздігін, сондай-ақ автокөлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін құрылыштар (автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, жүк терминалдары, автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу станциялары (шеберханалары), автокөлік құралдарын сақтауға арналған құрылыштар) кешені;

6) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі – автокөлік құралы) – автобустарды, шағын автобустарды, женіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдерді (жүктөрдің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автомобильдерді (әртүрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын, автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі;

6-1) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станциясы – автомобиль көлігі құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған, осы мақсаттар үшін зияткерлік көлік жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін өлшеу құралы, стационарлық типтегі салмақ өлшеу жабдығы немесе жылжымалы ұтқыр таразылар бар стационарлық немесе ауыспалы пункт;

6-2) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станциясының операторы – автомобиль көлігі құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

7) автомобильмен тасымалдау – автомобиль жолдары арқылы автокөлік құралдарымен жүзеге асырылатын жолаушылар, багаж, жүктөр және пошта жөнелтілімдері тасымалы;

8) автомобильмен тасымалдауши (бұдан әрі – тасымалдауши) – женіл автокөлік құралдарын қоспағанда, меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде автокөлік

құралдарын иеленетін, жолаушыларды, багажды, жүктөрді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі кесіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

9) автостанция - жолаушылар легі тәулігіне бес жұз адамнан аз болатын, жолаушыларға және автобустардың жүргізушілеріне қызмет етуге арналған және оған: жетпіс бес адамға дейін сиятын күту залы және билет кассалары бар курделі ғимарат, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, диспетчерлік пункттер кіретін, кемінде екі жарым мың шаршы метр аумақта орналасқан құрылыштар кешені;

9-1) акпараттық-диспетчерлік такси қызметі – клиенттердің тапсырыстарын өндеуге және оларды таксимен тасымалдаушиның орындауына, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенді, интернет-платформаларды және (немесе) таксиге тапсырыс берудің мобиЛЬДІК қосымшасын қолдана отырып беруге арналған, Қазақстан Республикасының дара кесіпкері немесе заңды тұлғасы болып табылатын тасымалдаушы немесе өзге де тұлға құратын қызмет;

9-2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9-3) әлеуметтік маңызы бар тасымалдаулар – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер ететін және тарифтердің қолжетімді деңгейі мен Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын тұрақты қатынаста жолаушыларды тасымалдаулар ;

10) багаж - Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларында белгіленген нормалар шегінде, буылып-түйілген және автобустың, шағын автобустың багаж бөлімшесінде немесе автобусқа, шағын автобусқа ілесіп жүретін багаж автомобильде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісім негізінде таксимен тасымалданатын жолаушы мүлкі;

10-1) бөлінбейтін жүк – тасымалдау кезінде мақсатын өзгертпей, шамадан тыс шығындарсыз немесе оның бүліну тәуекелінсіз екі немесе одан көп бөлікке бөлуге болмайтын ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк;

11) жеңіл автомобиль - жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнын қоспағанда, отыратын орны сегізден аспайтын автокөлік құралы;

12) жолаушы - автомобильмен тасымалдауға жасалған шарт негізінде немесе өзге де заңды негізде тасымалдаушы көрсететін қызметтерді пайдаланатын жеке тұлға;

12-1) жолаушылар агенттігі – жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеуге қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін, тасымалдаушымен арадағы шарт негізінде өзінің сату пункттері арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату жөнінде қызметтер көрсететін тұлға;

12-2) жолаушыларға қызмет көрсету пункті – жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін сату үшін, автокөлік құралдарының қауіпсіз аялдауына, жолаушыларды отырғызуға, түсірге арналған алаңмен және жолаушыларды әртүрлі аяу райы жағдайларынан қорғауға арналған ғимаратпен жабдықталған, автовокзалдары немесе автостанциялары жоқ елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған объект;

13) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау – тұрақты тасымалдауға жатпайтын, белгіленген тәртіппен берілген лицензиялары бар тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып жүзеге асыратын тасымалдаулар;

14) жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау - тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды пайдалана отырып, алдын ала келісілген жол жүру маршруттары, бастапқы және соңғы пункттері, жолаушылар отырғызу және түсіру пункттері белгіленген қозғалыс кестелері бойынша жүзеге асыратын тасымалдар;

15) жолдама парақ – жүргізуші мен автокөлік құралының жұмысын есепке алууды жүргізу мен бақылауға арналған қағаз немесе электрондық-цифрлық нысандағы құжат;

15-1) жол жүру құжаты (билет) – ресімдеу арқылы жолаушыны тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат;

16) жүк алушы - жүкті автомобильмен тасымалдау шарты негізінде немесе өзге де занды негіздерде жүк алуға уәкілетті жеке немесе занды тұлға;

17) жүк жөнелтуші - оның атынан жүк жөнелту ресімделетін жеке немесе занды тұлға;

17-1) жүктер – Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес тасымалдауға қабылданған мүлік;

17-2) интеллектуалды көлік жүйесі – жол жүрісін және тасымалдау қызметін басқаруды, мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз ететін өзара байланысты автоматтандырылған жүйелердің, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлігі және жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылықтарды тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптары мен жабдықтарының кешені;

18) көлік құжаттарын басқарудың бірынғай жүйесі – автомобиль көлігі саласындағы тасымалдау қызметіне байланысты құжаттарды тіркеуді, есепке алууды, өндөуді және сақтауды және осындағы құжаттар туралы қалыпқа түсірілген ақпаратты тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен тасымалдау процесіне қатысушыларға беруді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

18-1) көліктік бақылау бекеті – арнайы лайықталған ғимаратпен немесе арнайы автокөлікпен жабдықталған, техникалық бақылау құралдарымен жарақтандырылған стационарлық немесе жылжымалы бақылау-өткізу пункті;

18-2) қоғамдық көлік – жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын, көпшілік пайдаланатын көлік, сондай-ақ такси;

19) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

22) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

23) қол жүгі - салмақ және көлем өлшемдері Автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін, жолаушының автобус, шағын автобус немесе такси салонында тасымалдайтын жеке заттары;

23-1) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

23-2) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-2) сервис орталығы (шеберхана) – тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

23-3) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-3) сертификаттау орталығы – 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Европа Келісімі (ECTP) ережелеріне сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23-4) сервис орталығы (шеберхана) – тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

23-5) сертификаттау орталығы – 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүргізетін автокөлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық келісім (ECTP) ережелеріне сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

23-6) спутниктік навигация аппаратуrasesы – автокөлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары арқылы оның ағымдағы орналасқан

жерін, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері арқылы ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;

24) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) такси - Автомобиль көлігімен жолаушылар және бағалық тасымалдау ережелеріне сәйкес жабдықталған, жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль;

25-1) таксиге тапсырыс берудің мобиЛЬДІК қосымшасы – ұялы байланыс қызметтері немесе Интернет арқылы таксиге тапсырыс беруге және көлік құралын әкипажымен қоса жалға алуға қолжетімділік беретін платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшасы;

25-2) таксимен тасымалдауши – интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау қызметтерін көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

25-3) таксометр – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау құнын (бағасын) есептеуге арналған құрылғы;

25-4) тахограф – жүргізуШІлердің еңбек пен демалыс режимін тіркейтін механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;

26) алынып тасталды - ҚР 2009.07.17 № 188-IV Заңымен;

27) уәкілетті орган – автомобиль көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

28) халықаралық автомобильмен тасымалдау - тасымалдаушылар әр түрлі мемлекеттер аумағында орналасқан мекендер арасында жүзеге асыратын тасымалдар;

28-1) алып тасталды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

29) шағын автобус - жасаушы завод жүргізуШІнің орнын қоспағанда, отыратын орны он алтыдан аспайтын етіп көздеген, ерекше шағын сыйнаптағы автобус;

30) шұғыл қимылдайтын жедел қызметтер – Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында жол-көлік оқиғалары мен өзге де төтенше жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсететін қызметтер;

31) алып тасталды – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

32) алып тасталды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.06 № 209, өзгерістер енгізілді - ҚР

2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 499-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 26.06.2020 № 348-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2022 № 174-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 20.04.2023 № 226-VII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Зандағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

## **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес автомобиль көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы заңнамалық актіде астанада жолаушылар мен бағажды тасымалдаудың ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.21 № 297 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **4-бап. Автомобиль көлігі саласындағы қызметті жүзеге асырудың негізгі принциптері**

Автомобиль көлігі саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер мынадай негізгі принциптер негізінде жүзеге асырылады:

1) адамдар қауіпсіздігінің, олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, табиғатты және мәдени құндылықтарды қорғаудың басымдығы;

2) автомобиль көлігі саласындағы жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру кезінде жеке және занды тұлғалар құқықтарының тенденсі;

3) тұтынушыға автомобиль көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерді тандау еркіндігін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес автомобиль көлігі саласындағы жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге баға еркіндігін қамтамасыз ету.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **5-бап. Автомобиль көлігінің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету және оны төтенше жағдайларды жоюға тарту**

Автомобиль көлігінің жұмылдыру дайындығын, азаматтық қорғаныс және авариялық-құтқару жұмыстары, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының арнайы заңнамалық актілерімен реттеледі.

Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығыстарды кейіннен өтей отырып, өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындауға тартуға құқылы.

**Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **5-1-бап. Құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға автомобиль көлігін беру міндеті**

Жеке және занды тұлғалар (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының оқиғалар, төтенше жағдайлар болған жерлерге бару және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін автомобиль көлігін пайдалану жөніндегі занды талаптарын орындауға міндетті.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті үекілетті органның ұсынуы бойынша төтенше жағдайдың алдын алуға және оны жоюға тартылған күштер мен құралдарды тасымалдауды ұйымдастырады.

Осы бапта көзделген жағдайларда автомобиль көлігінің иелеріне көлікті пайдаланғаны үшін шығыстар, сондай-ақ келтірілген залал Қазақстан

Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі.

**Ескерту. Заң 5-1-баппен толықтырылды - КР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **6-бап. Автомобиль көлігіндегі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі**

Автомобиль көлігіндегі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

## **7-бап. Тасымалдаушыларға және автокөлік құралдарына тасымал қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде қойылатын талаптар**

### **1. Жолаушылар, багаж және жүк тасымалына:**

1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарына сәйкес біліктілігін және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаттары;

2) тасымалдың тиісті түрін жүзеге асыруға жарамды және техникалық регламенттердің талаптарына сай келетін автокөлік құралдары бар тасымалдаушылар жіберіледі.

2. Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бір жасқа толған, "D1" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы және кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "С" санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

2-1. Жүргізушінің орнынан басқа, он алтыдан көп отыратын орындары бар автобустармен және троллейбустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма үш жасқа толған, кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "D1" кіші санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

3. Автобустарда багаж қоятын бөлімшеден тыс орында жүк, оның ішінде багаж тасымалдауға тыйым салынады.

4. Таксимен тасымалдауды жүзеге асыру үшін кемінде төрт есігі бар, сериялы шығарылатын жеңіл автомобильдерді пайдалануға жол беріледі.

Таксимен тасымалдау үшін арнаулы, оның ішінде толықтай қолмен, рулі оң жақтан басқарылатын, сондай-ақ бүйір есігі төрт есікten az автокөлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.12.06 № 209, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он**

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.07.2024 № 126-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **8-бап. Автомобильмен тасымалдаудың түрлері**

1. Автомобильмен тасымалдау:

- 1) жолаушылар мен багажды тасымалдау;
- 2) жүк тасымалдау;
- 3) пошта жөнелтілімдерін тасымалдау болып бөлінеді.

2. Қатынас түрлері бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау:

- 1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдаулар;
- 2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдаулар болып бөлінеді.

3. Алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Зандарымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау әкімшілік-аумақтық белгісіне қарай:

1) қалалық (ауылдық) – елді мекеннің белгіленген шекаралары шегіндегі тасымалдау;

2) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекараларынан өлшенетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақпен елді мекенді жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендер арасындағы тасымалдау;

4) ауданараптық (облысішілік қалааралық) – әртүрлі аудандардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді облыстық маңызы бар қалалармен жалғастыратын, бір облыс шегіндегі тасымалдау;

5) облысаралық қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен жалғастыратын тасымалдау болып бөлінеді.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау ұйымдастыру сипатына қарай тұрақты, тұрақты емес және таксимен тасымалдау болып бөлінеді.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 499-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **9-бап. Автокөлік құралдарын тахографтармен жабдықтау жөніндегі талаптар**

1. Тахографтармен жабдықтауға автобустар, жүк автомобильдері, оның ішінде:
  - 1) қауіпті жүктөрді автомобильмен тасымалдауды;
  - 2) жолаушыларды, багажды және жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдауды;
  - 3) жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдауды;
  - 4) жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын мамандандырылған автомобильдер жатады.
2. Тахографтарды орнатуды және оларға қызмет көрсетуді сервис орталықтары (шеберханалар) жүзеге асырады.
3. Тахографтарды, оның ішінде электрондық (цифрлық) тахографтарды және электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды пайдалану жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, оларда:
  - 1) жүргізушілердің еңбек және тынығу режиміне және оны тіркеуге қойылатын талаптар;
  - 2) тахографтарды орнату және пайдалану жөніндегі талаптар;
  - 3) тахографтарды орнатуды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын сервис орталықтарына (шеберханаларға) қойылатын талаптар;
  - 4) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу тәртібі;
  - 5) электрондық (цифрлық) тахографтарға арналған электрондық карточкаларды сертификаттау, дайындау және беру тәртібі;
  - 6) электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқордың жұмыс істеу тәртібі белгіленеді.
4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автобустарды, жүк автомобильдерін, оның ішінде арнайы бейімделген автомобильдерді :
  - 1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларының (тахографтарсыз);
  - 2) ажыратылған ақауы жоқ тахографпен;
  - 3) толтырылмаған диаграммалық дискілермен;
  - 4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолданып;
  - 5) электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда, электрондық карточкаларды пайдаланбай;

6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) пайдалануға жол берілмейді.

5. Жеке немесе занды тұлғалар тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруды бастар алдында "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарға белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндетті.

6. Жеке немесе занды тұлғалар электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру бойынша қызметті жүзеге асыруды бастар алдында "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндетті.

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **9-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағына кіретін (әкелінетін) және басқа мемлекетте тіркелген автокөлік құралына қойылатын талаптар**

1. Басқа мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне (әкелінуіне) мынадай:

1) автокөлік құралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық іздестіруде немесе іздестіруде болған;

2) көлік құралының басқа мемлекетте тіркелгені туралы күәлік болмаған;

3) автокөлік құралының меншік иесі туралы мәліметтерді, автокөлік құралының сәйкестендіру белгілерін, осындаи автокөлік құралын жеткізу орны және қабылдау шарттары туралы мәліметтерді қамтитын, Қазақстан Республикасының аумағына автокөлік құралын тасымалдау туралы қызметтер көрсетуге арналған шарт болмаған (автокөлік құралдарын тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді пайдалана отырып, автокөлік құралдарын әкелген жағдайда);

4) көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналардың және басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының сәйкестендіру белгілері және олардың тіркеу есебі туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, жол берілмейді.

2. Басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген автокөлік құралдарының кіруі (әкелінуі) және оларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану басқа

мемлекеттің құзыретті органында тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруінің (әкелінуінің) және оларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланудың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртібі мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 1-тaraу 9-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **2-тaraу. Автомобиль саласындағы мемлекеттік реттеу**

### **10-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері**

Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) экономиканың және халықтың автомобильмен тасымалдауға және өзге де жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мұдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мұдделерін қорғау;
- 3) халықаралық автомобильмен тасымалдау рыногында отандық тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігі үшін жағдайлар жасау;
- 4) автомобильмен тасымалдаудың ішкі рыногын қорғау;
- 5) автомобиль көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту.

### **11-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау**

1. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, техникалық реттеу, стандарттау, Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарының сақталуын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде уәкілдеп тағайындауда мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

3. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуін бақылау Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтін шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтін шекарасы арқылы өткізуінде өзге де орындарында және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында, қалалар немесе өзге де елді мекендер шекараларының шегіндегі автомобиль жолдарында жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерін, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарын және көліктік бақылау бекеттерін техникалық бақылау құралдарымен жарақтандырмай құруға жол берілмейді. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінің, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарының және Қазақстан Республикасының аумағындағы стационарлық көліктік бақылау бекеттерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**4-тармақтың қолданысы 01.01.2026 дейін тоқтатыла тұрады – осы Заңның 54-1-бабының 3-тармағын қараңыз.**

#### **4. Мыналар:**

1) Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының салмақ және габарит өлшемдерін асыра отырып, автокөлік құралының жүріп өтуі;

2) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде болуға тиіс, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардың және (немесе) хабарламалардың болмауы;

**3) алып тасталды – ҚР – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

4) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті жүктерді қоса алғанда, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жол жүру маршрутын және (немесе) кестесін сақтамау;

5) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында берілген хабарламаны орындамау;

6) осы Заңның 44-бабында белгіленген талаптарды тексеру;

7) автоматтандырылған өлшеу станциясы арқылы жүріп өту тәртібін сақтамау;

8) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеудің болмауы уәкілетті органның лауазымды адамдарының талабы бойынша автокөлік құралын тоқтату үшін негіздер болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген автокөлік құралын тоқтату үшін негіздерді интеллектуалды көлік жүйесі айқындаиды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген автокөлік құралын тоқтатуға негіз Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік бес күннен астам болған шетелдік автокөлік құралдарына қолданылады.

### 3КАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың қолданысы 01.01.2026 дейін тоқтатыла тұрады – осы Заңың 54-1-бабының 3-тармағын қараңыз.

5. Уәкілетті органның лауазымды адамына осы баптың 4-тармағында көзделмеген негіздер бойынша автокөлік құралын тоқтатуға тыйым салынады.

6. Автоматтандырылған өлшеу станциялары арқылы жүріп өту тәртібі автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.06 № 209, 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.06.30 № 297-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### 12-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Ескерту. 12-бап алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### 13-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

1-1) автомобиль көлігі саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

3) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) тиісті облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдаудың маршруттары мен қозғалыс кестелерін бекітеді;

5) жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды үйимдастырады, аталған тасымалдаулардың маршруттары бойынша қозғалыс кестесін келіседі;

6) жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық және облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

7) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8) осы Заңың 19-4-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылауды үйимдастырады және жүзеге асырады;

9) автомобиль көлігі саласында мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен және қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы занды тұлғалар бірлестіктерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

10) Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидасын бекітеді;

11) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидасын бекітеді;

12) автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

13) көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын үйимдастыру тәртібін бекітеді;

13-1) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын үйимдастыру қағидаларын бекітеді;

13-2) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының жұмысын үйимдастыру қағидаларын бекітеді;

14) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беруді жүзеге асырады;

15) Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курсарын үйимдастыру қағидасын бекітеді;

16) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін белгіленген тәртіпке сәйкес бекітеді;

17-1) тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері көрсететін қызметтердің ұлттық стандарттарын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізеді;

17-2) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарайды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға ұлттық, мемлекетаралық

стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыйыптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды өзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

18) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V **Заңымен** (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V **(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі)** Заңымен;

20) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V **(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі)** Заңымен.

21) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізлімін жүргізеді;

22) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізеді;

23) Автомобиль көлігінен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер қөрсету қағидасын бекітеді;

23-1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты өзірлейді;

23-2) автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

23-3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекітеді;

23-4) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекітеді;

23-5) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекітеді;

23-6) жүргізушилердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын бекітеді;

23-7) автомобиль көлігімен қауіпті жүктөрді тасымалдау қағидаларын бекітеді;

23-8) автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекітеді;

23-9) автомобиль көлігімен жүктөрді тасымалдау қағидаларын бекітеді;

23-10) автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекітеді;

23-11) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекітеді;

23-12) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктөрдің тізбесін бекітеді;

23-13) автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

23-14) Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктөрді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібін бекітеді;

23-15) төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту тәртібін айқындайды;

23-16) әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекітеді;

23-17) алып тасталды - ҚР 05.05.2017 № 59-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23-18) автомобиль көлігі саласындағы лицензияланатын қызмет (кіші қызмет) түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

23-19) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын бекітеді;

23-20) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркеуге, есепке алуға, өндөуге және сақтауға жататын құжаттардың тізбесін бекітеді;

23-21) автоматтандырылған өлшеу станцияларының тізілімін жүргізеді;

23-22) тасымалдаушылардың әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты залалын бюджет қаражаты есебінен субсидиялаудың үлгілік шартын бекітеді;

24) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**14-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары:

- 1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) өз құзыреті шегінде жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын бекітеді;
- 3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық, ауданааралық (облысішілік қалааралық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы тасымалдауды ұйымдастырады, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізеді;

1-1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданааралық (облысішілік қалааралық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекітеді;

3) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық автомобильмен тасымалдаулар маршруттарын және журу кестелерін келіседі;

4) республикалық маңызы бар қалаларда, астанада жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауларды ұйымдастырады;

4-1) республикалық маңызы бар қалаларда, астанада интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың, таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

5) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

6) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданараптық (облысішлік қалааралық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

6-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6-2) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлейді;

10) жолаушыларды ауданараптық (облысішлік қаларалық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асырады;

10-1) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асырады;

10-2) халықаралық және республикаішлік қатынастарда қауіпті жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушилерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

11) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары :

1) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішлік тасымалдауларды ұйымдастырады, олардың маршруттарын бекітеді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастырады және өткізеді, маршруттар бойынша жүру кестелерін бекітеді;

2) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішлік автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

3) жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастырады;

3-1) шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін өзірлейді және бекітеді;

4) алыстағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды ұйымдастырады;

5) қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастарда әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асырады;

5-1) тахографтарды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруды баставаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

5-2) интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың, таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мұдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**14-1-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отырудың әкпараттық жүйесінің ұлттық операторы**

Ескерту. 14-1-бап алып тасталды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**15-бап. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде автокөлік құралдарын тоқтатуға;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарының бұзылуы туралы тексерулерді жүзеге асыруға және актілер жасауға, жолсыздықтарды жою туралы орындалуға міндettі нұсқамалар беруге;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуі жүзеге асыруға;

4) осы Заңның 19-бабында көрсетілген, тексеру жүргізуге қажетті құжаттарды жеке және заңды тұлғалардан сұратуға;

5) уәкілетті орган айқындастын тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар.

## 2. Уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) жеке және заңды тұлғалардың автомобиль көлігі қызметі мәселелері жөніндегі етініштерін қарауға және олар бойынша тиісті шаралар қолдануға;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндettі.

3. Уәкілетті органның лауазымды адамдары автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде нысанды киім (погонсыз) киүге, олардың нөмірлі омырау белгілері, сондай-ақ қызметтік куәліктері не сәйкестендіру карталары болуға тиіс.

Автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нысанды киім (погонсыз) киіп жүргүре құқығы бар лауазымды адамдарының тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз), нөмірлі омырау белгілерінің, қызметтік куәліктің үлгілерін уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**16-бап. Автомобиль көлігі саласындағы лицензиялау**

Автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілетін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау лицензиарға берілген лицензияға қосымшада көрсетілген автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын автобустардың, шағын автобустардың жылжымалы құрамының бірлігі өзгерген жағдайда, лицензияға қосымша қайта ресімдеуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3 – 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **17-бап. Сәйкестікті растау**

1. Автомобиль көлігі саласындағы автокөлік құралдарының, автокөлікке арналған жабдықтардың, олардың өмірлік циклі процестерінің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес танылады.

**Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.06 № 209 Занымен.**

## **17-1-бап. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау**

Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттауды сертификаттау орталығы Қазақстан Республикасы халықаралық шартының ережелеріне сәйкес Еуропалық комиссияның бас сертификаттау орталығының цифрлық сертификатын қолдана отырып жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тарау 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **18-бап. Автомобиль көлігі саласындағы міндетті сақтандыру**

1. Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын пайдалануға олардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндettі сақтандырылған жағдайда ғана жол беріледі.

2. Жолаушылар мен багаж тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын автокөлік құралдарымен жол жүрген кезде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі де міндettі сақтандырылуға жатады.

3. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру және тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің мөлшері, сондай-ақ сақтандырудың осы түрлерін (кластарын) ұстая және оларды жүргізу шарттары бойынша қосымша талаптар Қазақстан Республикасының сақтандырудың осы түрлері (кластары) туралы заң актілерімен белгіленеді.

## 19-бап. Тарифтер

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа жағдайларда жолаушыларды, багажды және жүктөрді тасымалдауга еркін (шарттық) тарифтер белгіленеді.

2. Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін жергілікті атқарушы орган барлық маршруттар үшін бірыңғай белгілейді.

2-1. Тариф жергілікті атқарушы органның шешімімен маршруттың түріне, жол жүру билетінің түріне, төлем тәсіліне, сондай-ақ тасымалдау қашықтығына немесе жүріп өткен аялдама пункттерінің санына қарай сараланады.

3. Қала маңы қатынасында жолаушылар мен багажды тасымалдау құнын тасымалдауларды ұйымдастырушы жергілікті атқарушы орган бекітетін тарифке сәйкес, тасымалдау қашықтығына қарай белгілейді.

4. Жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

5. Осы баптың 2-4-тармақтарына сәйкес белгіленетін тарифтер жергілікті өкілді органмен келісуге жатады.

6. Егер осы баптың 2-4-тармақтарына сәйкес белгіленген тарифтер жолаушылар тасымалының рентабельділігін қамтамасыз етпесе, жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдаушылардың залалын субсидиялайды.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2015 № 312-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-1-тарау. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру**

Ескерту. 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 2-1-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **19-1-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың мәні мен мақсаты**

1. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – көліктік бақылау) автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің талаптарын жеке және занды тұлғалардың сақтауы үшін жүргізіледі.

2. Көліктік бақылау жүргізуінде мақсаты Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 19-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **19-2-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың түрлері**

1. Көліктік бақылау мына түрлерге бөлінеді:

1) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының өтуін бақылау;

2) бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкестігі түрғысынан бақылау.

2. Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының және көлік кәсіпорнының қызметін тоқтатпауға тиіс.

3. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **19-3-бап. Көліктік бақылау жүргізудің мерзімдерімен кезеңділігі**

Ескерту. 19-3-бап алғыншып тасталды - ҚР 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **19-4-бап. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуін көліктік бақылау**

1. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуін көліктік бақылау Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарында және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, сондай-ақ автокөлік құралдары автоматтандырылған өлшеу станциялары арқылы жүріп өткен кезде жүзеге асырылады.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарында автокөлік құралдарының

жүріп өтуін көліктік бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

3. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттері, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындары және стационарлық көліктік бақылау бекеттері қурделі ғимараттармен және құрылыштармен жабдықталуға, техникалық бақылау, байланыс жасау құралдарымен, деректерді жинау, беру және шоғырландыру үшін қазіргі заманғы телекоммуникациялық және компьютерлік жабдықпен жарақтандырылуға тиіс. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттері қажет болған жағдайда шлагбаумдармен жабдықталады.

Ескерту. 19-4-бап жаңа редакцияда – КР 26.12.2017 № 124-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

#### **19-5-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруына көліктік бақылау жүргізудің нысандары**

1. Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесінің талаптарының орындалуы көліктік бақылау посттарында мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруына рұқсат беру құжаттарының болуын;

2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттардың болуын ;

3) жол жүру маршрутының халықаралық қатынастары үшін белгіленгенге сәйкестігін;

4) алып тасталды - КР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен;

5) алып тасталды - КР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

6) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың болуын тексеру арқылы жүргізіледі.

2. Тасымалдаушылардың автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбегі мен тынығуы режимін сақтауын көлікті бақылау посттарда тахографтың болуын және оны

пайдаланылуын тексеру, сондай-ақ жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін бақылаудың тіркеу парактарын жүргізу жолымен жүргізіледі.

3. Көлік құралдарының нақты салмақтық және көлемдік параметрлерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген, жол берілетін параметрлерден асып кету шамасын айқындау арқылы ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуін көліктік бақылау мыналарды:

1) өлшеу құралы мен көлем шеңберлерін;

2) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе жылжымалы мобиЛЬДІ таразыларды;

3) автоматтандырылған өлшеу станцияларын пайдалана отырып жүргізіледі.

Ескерту. 19-5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 19-6-бап. Тексеруге жататын негізгі құжаттар

1. Автомобиль көлігінде кәсіпкерлік субъектілеріне тексеруді жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды адамдары жарғымен және мына:

1) мамандар мен жүргізушілердің кәсіптік біліктілігін растайтын;

2) белгіленген маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыру үшін қажетті (куәліктермен, қозғалыс кестелерімен, маршруттар схемаларымен, автовокзалдармен, автостанциялармен және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерімен жасасқан шарттармен, паспорттармен, келісімшарттармен);

3) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған (Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға уәкілетті орган берген арнайы рұқсатпен, қауіпті жүкті тасымалдау маршруттының бланкісімен, автокөлік құралы жүргізуіне қауіпті жүк тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлікпен, көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікпен);

4) автокөлік құралдарына арналған (белгіленген нысандардағы жол парактары мен тауар-көліктік құжаттармен, билеттік-есепке алу парактары және оларды есепке алу журналдарымен);

5) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті (тахографтарды салыстырып тексеру жөнінде жұмыстар жүргізу құқығына аккредиттеу атtestаты, тахографты салыстырып тексеру туралы сертификат,

таксографты кезеңдік тексеру туралы қуәлік, тахографтармен жұмысты есепке алу журналы, өндірістік үй-жайға техникалық құжаттама);

6) тасымалдаушының тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруына арналған (тауар-көлік жүккүжаты, жол парақтары, жүкті өлшеу (салмағын өлшеу) актілері, тиеу-түсіру және қосалқы жұмыстар жүргізуге арналған штаттық және қосалқы жабдықтың ұлттық стандарттарға сәйкестік сертификаттары, өндірістік үй-жайға техникалық құжаттама) құжаттармен танысады.

2. Тексеру жүргізу кезінде қажетті құжаттардың болуы және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі айқындалады.

3. Автомобиль көлігіндегі кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүргізу кезінде өз құзыреті шегінде тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) жылжымалы құрамның, жөндеу және өндірістік базаның, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру тетіктерінің, бақылау-өлшеу аппаратураларының, жабдықталған қызметтік үй-жайдың (меншікті жөндеу және өндірістік базасы жоқ және басқа кәсіпорындармен тиісті жұмыс түрлерін орындауға шарт жасасқан кәсіпорындар бұған жатпайды) болуы мен олардың жай-күйін, сондай-ақ автомобиль көлігіндегі шаруашылық субъектілерінің экологиялық талаптар мен жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың нормаларын сактауын;

2) автокөлік құралдарының техникалық пайдаланылуының белгіленген талаптарға сәйкестігін;

3) автокөлік құралдарын рейс алдында техникалық қарап тексеруден өткізу, жүргізушілерді рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруден өткізу үшін қызметтер мен білікті персоналдың не мұндай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен шарттардың болуын және олардың сәйкестігін;

4) жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру немесе автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін көрсету кезінде Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидалары талаптарының орындалуын;

4-1) тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін;

5) автомобиль көлігімен жүктөрді тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктөрді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларында белгіленген талаптардың орындалуын және Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүргуге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілетін өлшемдерге сәйкес болуын;

6) Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде, жолаушылардың, багаж берін жүктөрдің халықаралық автомобиль

тасымалын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесін қолдану жөніндегі қағида талаптарының орындалуын;

7) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары талаптарының орындалуын;

9) автокөлік құралдарын жолаушыларды және тамақ өнімдерін, сондай-ақ тасымалдау кезінде санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының қорытындысы талап етілетін жүктерді халықаралық тасымалдауга жіберу туралы аталған мемлекеттік органдардың қорытындысы болуы жөніндегі талаптардың орындалуын;

10) бақылау-өткізу пункттерінде қажетті құжаттама мен аспаптардың болуын;

11) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) Жүргізушилердің еңбегі мен демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидалары талаптарының орындалуын;

13) жүктерді тиеу және түсіру пункттеріне қатысты Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары талаптарының орындалуын тексереді.

Ескерту. 19-6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **19-7-бап. Көліктік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті органның лауазымды адамдары мынадай бақылау функцияларын жүзеге асырады:

1) автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындастын нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдану;

2) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының автомобиль көлігі саласында сақталуын бақылау;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуын бақылау;

4) тасымалдаушылардың Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасын сақтауын бақылау, автобус салондарында жук тасымалдауға жол бермеу;

5) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерін сақтауын бақылау;

7) Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары мен шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын сақтауын бақылау;

8) Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары мен шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбегі мен тынығуы режимін сақтауын бақылау;

9) автокөлік құралы жабдығының автокөлік құралында тахографтың болуы және оның жарамдылығы бөлігінде халықаралық шарттар талаптарына сәйкестігін бақылау;

10) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға арналған рұқсат беру құжаттарының болуын тексеру, жұру маршруты мен кестесінің сақталуын, сондай-ақ жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес халықаралық тасымалдау кезінде жолаушылар тізімінің болуын бақылау;

10-1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша каботаждық тасымалды жүзеге асыруын айқындау және оның жолын кесу;

12) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсаттар беру;

15-1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсат беру;

16) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) жүріп-тұруына арнайы рұқсат беру;

17) Алынып тасталды - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

18) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) алынып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) транзиттік әлеуетті қолдану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдары жүрісінің жиілігін есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

21) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автомобиль көліктерінде және автожолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

22) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

23) сервис орталықтарын (шеберханаларды) бақылау;

24) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарында, осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2), 8), 9), 11), 15), 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларында көзделгендерді қоспағанда, бақылау функцияларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында осы баптың бірінші бөлігінің 2) (лицензияның болуын бақылау бөлігінде), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген бақылау функцияларын жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган да жүзеге асырады.

Ескерту. 19-7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.01.06 № 238-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.06.30 № 297-IV (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

#### **19-8-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруға рұқсат ету құжаттарын беру тәртібі**

1. Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіру (шығу), халықаралық қатынастағы жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиті рұқсат беру құжаты - жүргүге берілген рұқсат негізінде жүргізіледі.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

3. Ұшінші елдің аумағындағы шығу пунктінен Қазақстан Республикасының аумағындағы бару пунктіне дейін немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы шығу пунктінен ұшінші елдің аумағындағы бару пунктіне дейін жолаушыларды және (немесе) жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсат беру құжаты - шетелдік тасымалдаушылардың ұшінші елден Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан ұшінші елге тасымалдауды орындауға берілген рұқсат негізінде жол беріледі.

4. Үәкілетті орган шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдарымен рұқсат беру құжаттарының бланкілерімен тепе-тең айырбас жүргізуі мүмкін.

5. Мемлекеттерімен рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тепе-тең айырбастау жүргізілмеген шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүріп өтуі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін үәкілетті орган беретін транзитпен жүріп өтуге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады. Өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгісінсіз Қазақстан Республикасының аумағы бойынша

транзитпен жүретін шетелдік автокөлік құралының жүріп өтуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше келісілмесе, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін транзитпен жүріп өтуге арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік рейстен кері бағытта бара жатқан шетелдік жүк автокөлік құралына Қазақстан Республикасының аумағында жолшыбай жүк тиеуге Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуге арналған қосымша рұқсат болған кезде ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 19-8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **19-9-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік автокөлік құралдарының жүріп-тұру тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттер арасындағы жүктердің, жолаушылардың және бағаждың халықаралық автомобиль тасымалы халықаралық автомобиль өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін қажетті рұқсат беру және басқа да құжаттар Қазақстан Республикасында халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қафидаларына сәйкес ресімделуге және автокөлік құралдарының жүргізушилерінде болуға және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарының талабы бойынша көрсетілуға тиіс.

2. Шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі пункт арасында жолаушылар мен жүктерді тасуына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушыларды транзиттік тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағында жолаушыларды отырғызууды және (немесе) түсіруді жүргізуге тыйым салынады.

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылар өз мемлекетінің тіркеу және айыру белгілері бар автокөлік құралдарын пайдалануы тиіс.

Бұл ретте тіркемелерде немесе жартылай тіркемелерде басқа мемлекеттік тіркеу және айырма белгісі болуы мүмкін.

**Ескерту. 19-9-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**19-10-бап. Отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығу және оларға шетелдік рұқсаттарды беру тәртібі**

1. Отандық автокөлік құралдары рұқсат беру құжаттары бланкілерімен алмасу жүргізілген шет мемлекеттерге шыққан жағдайда, тасымалдаушы ұсынылған өтінімдер негізінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін тиісті шетелдік рұқсат беру құжаттарын ала алады.

Әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат беру құжаты беріледі.

2. Пайдаланылған шетелдік рұқсат беру құжаттары бұрын оларды берген органға қайтарылуға жатады.

3. Тасымалдаушының оған берілген шетелдік рұқсат беру құжаттарын басқа тасымалдаушыға беруіне жол берілмейді.

Егер бөлінген шетелдік рұқсат беру құжаттарының саны тасымалдаушылар берген өтінімдердің жалпы санынан аз болған жағдайда шетелдік рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тасымалдаушылар арасында бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Отандық тасымалдаушылардың жолаушыларды және бағажды тұрақты халықаралық тасымалдауына рұқсат беру құжаттарын беру Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 19-10-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.12.10 № 101-IV (01.01.2009 қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**19-11-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттарды беру тәртібі**

1. Уәкілетті орган белгілеген, Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүрге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін өлшемдерінен габариттері және (немесе) массасы және (немесе) осътік жүктемелері бойынша асып түсетін, жүксіз немесе бөлінбейтін жүгі не мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүгі бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп

өтуі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен рұқсат беру құжатының – ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсаттың (бұдан әрі – арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.

2. Арнайы рұқсатты қозғалыс маршруты белгіленгеннен және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдары береді.

Ескерту. 19-11-бап жаңа редакцияда - КР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-2-тарау. Автомобиль көлігі саласындағы қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

Ескерту. 2-2-тараумен толықтырылды - КР 2006.12.06 № 209 Заңымен.

### **19-12-бап. Жалпы ережелер**

1. Автомобиль көлігі саласындағы техникалық реттеу және стандарттау объектілері: автомобиль көлігі болып табылады, оған:
  - 1) автобустар;
  - 2) шағын автобустар;
  - 3) жеңіл автомобильдер;
  - 4) жүк автомобильдері;
  - 4-1) троллейбустар;
  - 5) автомобиль тіркемелері;
  - 6) ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелер;
  - 7) арнайы бейімделген автомобильдер (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған);
  - 8) арнаулы автомобильдер (әр түрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды орындаудын);
  - 9) автомобиль көлігін жобалау;
  - 10) автомобиль көлігін шығару (жөндеу);
  - 11) автомобиль көлігін тасымалдау және сақтау;
  - 12) автомобиль көлігін кәдеге жарату және жою кіреді.

2. Автокөлік құралдары адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін болса немесе оларды тиісті дәрежеде орнату, қызмет көрсету және пайдалану кезінде солардың қауіпсіздігі мен функционалдық мақсатына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын болса, нарықта сатылмауға және пайдаланылмауға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының нарығында сәйкестігі расталуға тиіс автомобиль көлігін орналастыратын тұлға осы Заңның және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау үшін шаралар қабылдауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының нарығында автомобиль көлігін орналастыратын тұлға:

1) "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін, тұтынушының ықтимал тәуекелдерді бағалауы және оның тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін қажетті мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі пайдалану құжаттамасын және басқа да ақпаратты беруге;

2) автомобиль көлігін сату кезінде таңдау бақылауын жүргізуге, тұтынушылардың шағымдарын тексеруге;

3) автомобиль көлігінің адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіру тәуекелі болғанда, пайдаланушины уақтылы және тиімді ескерту, сондай-ақ автомобиль көлігін қайтарып жіберетіндей қажетті іс-шаралар жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

4) таратылып қойған автомобиль көлігінде қауіпсіздік талаптарының бұзылуы туралы және мұндай бұзушылықтарды жою жөніндегі өзі қабылдаған шаралар туралы тиісті мемлекеттік бақылау органдарына дереу хабарлауға;

5) шығарушыдан, уәкілетті өкілден, импорттаушыдан, пайдаланушыдан немесе мемлекеттік бақылау органдарынан автомобиль көлігінің осы Заңың және техникалық регламенттердің белгіленген талаптарына сәйкес келмеуі туралы ақпарат алынған болса, автомобиль көлігін сатпауға міндетті.

5. Автомобиль көлігінде қажетті ескерту жазбалары немесе қауіптілік және қауіпсіз пайдалану шарттары туралы белгілер болуға тиіс.

6. Пайдалану құжаттамасындағы қауіпсіздік талаптары осы Занда және техникалық регламенттердің белгіленген талаптардан төмен болмауға тиіс.

**Ескерту. 19-12-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы реcми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **19-13-бап. Автокөлік құралдарын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Автокөлік құралдарын жобалау кезінде өмірлік циклдің барлық сатыларындағы, оның ішінде қалыпты пайдалану, төтенше жағдайлар (бұзылулар мен сыртқы әсерлер),

персоналдың болжамды қателері және пайдалануға болмайтын кезіндегі бүкіл ықтимал қауіптер сәйкестендірілуге тиіс.

2. Пайдалану (қолдану) жөніндегі нұсқауды (нұсқаманы) және паспортты (немесе формулярды) әзірлеу автокөлік құралдарын жобалаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

#### **19-14-бап. Автокөлік құралдарын шығару кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Шығару кезінде автокөлік құралдарының дайындалуы жобалық құжаттаманың, осы Заңың, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілуі қажет.

2. Автокөлік құралдарын шығару кезінде дайындаушы жобалық құжаттамада айқындалған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық іс-шаралар кешенін орындауға және қауіпсіздікке байланысты барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер автокөлік құралдарын дайындау процесінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптары орындала отырып, толық көлемде жүргізілуге тиіс.

4. Автокөлік құралдарын шығару кезінде жобалық құжаттамадан ауытқу жобалаушымен келісіледі және ол техникалық регламенттерде белгіленген жол берілетін тәуекелден аспауға тиіс.

#### **19-15-бап. Автокөлік құралдарын тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Автокөлік құралдарын тасымалдау және сақтау процесінде олардың сақталуын, олардың қауіпсіздігі көзделетін техникалық сипаттамаларды сақтауды қамтамасыз етуге қойылатын барлық қажетті талаптар, оның ішінде консервациялауға, тасымалдау және сақтау жағдайларына қойылатын талаптар, белгіленген сақтау мерзімдері, жай-күйін қайта куәландыру, сақтау мерзімі аяқталған жеке элементтерді, бөлшектерді, тораптарды ауыстыру мерзімдері бойынша нұсқаулар автокөлік құралдарына арналған техникалық құжаттамада жазылуға тиіс.

2. Автокөлік құралдарын, олардың тораптары мен бөлшектерін тасымалдау және сақтау жобалаушы қарастырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қауіпсіздік талаптары ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Консервациялау үшін қолданылатын материалдар мен заттар қауіпсіз болуға тиіс.

#### **19-16-бап. Автокөлік құралдарын кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

Жеке және заңды тұлғалар автокөлік құралдарын кәдеге жаратуды, жоюды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай талаптардың сақталуын ескере отырып қамтамасыз етеді:

1) автокөлік құралдарын пайдалану тоқтатылғаннан кейін оларды пайдалану мүмкіндігін болдырмау шаралары қабылдануға тиіс;

2) пайдалану процесінде уытты заттармен, радиоактивті аэрозольдармен ластанған автокөлік құралдары оларды қәдеге жарату, жою кезінде қолданылатын зиянды заттардың уыттылығына, физика-химиялық қасиеттеріне қарай арнайы ерітінділермен (әдістермен) залалсыздандыру жөніндегі міндетті өндеуден өткізілуге тиіс;

3) автокөлік құралдарын қәдеге жаратудың және жоюдың барлық кезеңін өткізетін персоналдың қажетті біліктілігі болуға, олар тиісті оқудан өтуге және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтауға тиіс.

Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда тіркеу есебінен шығарылмаған автокөлік құралдарын қәдеге жаратуға тапсыруға тыйым салынады.

**Ескерту. 19-16-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **19-17-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүргізу тәртібі**

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган талдау және ақпараттық жүйелер деректері, сондай-ақ бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

2. Мыналар бақылау субъектілері болып табылады:

1) таксимен тасымалдаушылар және ақпараттық-диспетчерлік такси қызметтері;

2) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін көрсететін тұлғалар;

3) жолаушылар мен жүктөрді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

4) жүк жөнелтуші және (немесе) жүк алушы ретінде әрекет ететін тұлғалар;

5) қауіпті жүкті тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

6) ірі көлемді және ауыр салмақты жүктөрді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

7) халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильмен тасымалдаушылар;

8) тез бұзылатын жүктөрді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

9) техникалық қарап-тексеру операторлары;

10) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;

11) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;

12) автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының операторлары.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

4. Бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын беру үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша бақылау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жасалады.

6. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

7. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) колма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орынданау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуінде жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

11. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

**Ескерту.** 2-2-тaraу 19-17-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **19-18-бап. Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станциялары**

1. Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларында автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының операторындағы метрологиялық салыстырып тексеруден өткен өлшеу құралдарымен жүзеге асырылады.

Салмақтық және габариттік параметрлердің өлшемдері туралы деректер автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен зияткерлік көлік жүйесіне беріледі.

2. Автомобиль көлігі құралдарының салмағын өлшеу станцияларының операторлары өз қызметтерін жария шарт негізінде көрсетеді.

**Ескерту.** 2-2-тaraу 19-18-баппен толықтырылды – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **3-тaraу. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдау**

#### **20-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері**

##### **1. Жолаушының:**

1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен кез келген автобуспен, троллейбуспен және таксимен жол жүруді жүзеге асыруға;

2) жол жүру құжатын (билетін) сатып алуға;

3) сатып алған жол жүру құжатына (билетіне) сәйкес орын алуға;

4) егер ол жеке орын алмаса, өзімен бірге жеті жасқа дейінгі бір баланы тегін, не таксиден басқа көлікте, он бес жасқа дейінгі балаларды оларға жеке орын беріп, елу пайыз мөлшерде жол ақысын төлеп, алып жүруге;

5) Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары жүзеге асыратын халықаралық тасымалдарда 5 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға жол жүру құжатының (билетінің) толық құнының елу процентін төлеп, жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алуға;

6) 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға жол жүру құжатының (билетінің) толық құнының елу процентін төлеп, жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатып алуға;

7) егер тасымалдаушы кестеде көзделген автобустың орнына жүру ақысы қымбаттау басқа автобус ұсынса, үстемеақы төлемей, сатып алынған жол жүру құжаты (билеті) бойынша жол жүргүре;

8) жол жүру құжатын (билетін) тасымалдау басталғанға дейін өткізуге және көзделген алымдар шегеріле отырып, тасымалдауға төленген соманы кері қайтарып алуға;

9) Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларында белгіленген тәртіппен жоғалған (бұлғын) жол жүру құжатын (билетті) қалпына келтіруге;

10) Автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерінде белгіленген нормалар шегінде қол жүгін өзімен бірге тегін алып жүргүре;

11) тариф бойынша ақы төлеп багажды тасымалдауға өткізуге;

12) тасымалдауға тапсыру кезінде багаждың құндылығын жариялауға;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тасымалдау сапасы деңгейінің оның сертификатына сәйкестігіне дауласуға құқығы бар.

Жолаушының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары бар

Әлеуметтік маңызы бар қатынастарда, сондай-ақ жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық), қала маңындағы қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауларда "Алтын алқа", "Күміс алқа" алкаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналардың, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың тегін жол жүргүре, ал 15 жастан 18 жасқа дейінгі адамдардың жол жүру құжатының (билетінің) толық құнының елу пайызын төлей отырып, жол жүру құжатын (билетін) сатып алуға құқығы бар.

## 2. Жолаушы:

1) электрондық нысанда ресімделген жол жүру құжатын (билетін) қоспағанда, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарында жол жүру кезінде ақы төлеуді және (немесе) жол жүру құжаты (билеті) болуға және оны сапар аяқталғанға дейін сақтауға;

1-1) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде қоғамдық көліктегі жол жүргені үшін тасымалдаушы өкілінің талап етуі бойынша жол жүру құжатын (билетін) көрсетуге;

2) қоғамдық тәртіпті, Автомобиль көлігімен жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарды сақтауға;

3) егер шартта өзгеше көзделмесе, құндылығы жарияланған багажды тасымалдау кезінде тасымалдаушының көрсеткен қызметтеріне ақы төлеуге міндетті.

Жолаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттер атқарады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2015 № 312-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 21-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру

1. Егер:

1) автомобиль жолдарының өткізу қабілеті белгілі бір маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың, троллейбустардың тұрақты жүрісін жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

2) автомобиль жолдарының жай-күйі және жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келсе, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау ұйымдастырылуы мүмкін.

2. Халықаралық тасымалдауларды қоспағанда, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауларды көрсетілген жолаушылар мен багажды тасымалдаулар маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурста жеңіп алған және тасымалдаушылар мен тиісті жергілікті атқарушы органдар не уәкілетті ұйымдар арасында жасалатын шарттар негізінде оларға қызмет көрсету құқығына қуәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

3. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикашілік тұрақты тасымалдау маршруттары тасымалдаушылар арасында конкурстық негізде бөлінеді. Конкурсқа жеке маршрут та, бір лотпен бірнеше маршрут та қойылуы мүмкін.

4. Жолаушылар мен багажды облысаралық қалааралық, ауданааралық (облысішілік қалааралық), ауданішілік және халықаралық тұрақты тасымалдаулар тасымалдаушылар мен автовокзалдардың, автостанциялардың немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшіліктері арасында жасалатын шарттар негізінде автовокзалдардан, автостанциялардан немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінен ғана жүзеге асырылады.

Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшіліктері қызметтің осы түріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жіберілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тартуға құқылы емес.

4-1. Жол жүру құжаттары (билеттер) электронды түрде сатылған кезде автовокзалдардың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің

әкімшіліктері жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатудың тасымалдаушы таңдаған ақпараттық жүйесі арқылы тасымалдауышының маршруттарына жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар автобустарды, троллейбустарды, шағын автобустарды рейс алдында (аудиосым алдында) техникалық қарап тексеруді және олардың ақауы болған жағдайда уақтылы аудиостыруды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Егер жолаушылар мен багажды тасымалдау маршруттына қызмет көрсету құқығына бір ғана қатысушының өтінімі берілсе, онда конкурс өткізілмеді деп танылады. Егер конкурсты қайта өткізу кезінде осы маршрутқа бір қатысушының өтінімі берілсе, онда конкурс талаптарына сай келген жағдайда, онымен шарт жасалады

7. Маршрутқа (маршруттарға) қызмет көрсету құқығын үшінші тарапқа беруге жол берілмейді.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2015 № 312-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **21-1-бап. Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін ұйымдастыру**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және ұлттық стандарттармен белгіленген талаптарға сәйкес болған кезде автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізіліміне енгізу;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдану;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де тетіктерді қолдану арқылы автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін ұйымдастырады.

2. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері көрсететін қызметтер осы Заңның талаптарына, Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және ұлттық стандарттарға сәйкес болуға тиіс.

3. Автовокзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде, оның ішінде билет кассаларында ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.

Ақпарат мәтіні "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 3-тaraу 21-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 22-бап. Тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері

### 1. Тасымалдаушының:

1) өз құқықтары мен мұдделерін қорғау мақсатында қоғамдық бірлестіктерді, сондай-ақ заңды тұлғалардың қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы бірлестіктерін құруға;

1-1) қоғамдық көлікте жол жүргені үшін ақы төлеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ ақы төлеу фактілерін тексеру үшін көліктік бақылау қызметін құруға;

2) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай тынығуға және еңбек жағдайына;

3) жолаушылардың қоғамдық тәртіпті және Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасын сақтауын талап етуге;

4) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын алуға құқығы бар.

2. Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушы:

1) автокөлік құралдарының техникалық жарамды күйін қамтамасыз етуге және белгіленген техникалық, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және өрт қауіпсіздігі талаптарына жай-күйі сай емес автокөлік құралының маршрутқа шығуына жол бермеуге;

1-1) алып тасталды – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен;

2) автокөлік құралдары жүргізушилерін рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруден өткізуді, олардың еңбек және тынығу режимін сақтауды қамтамасыз етуге;

3) жолаушының қауіпсіздігін, оған қажетті қызмет ету жайлышының және шарттары жасалуын қамтамасыз етуге;

4) багаждың уақтылы тасымалын және сакталуын қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын ақысыз тасымалдауды жүзеге асыруға немесе оларға жол ақысы бойынша өзге де женілдіктер беруге;

5-1) тасымалдауды ұйымдастырушуға, халықаралық және облысаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның диспетчерлік жүйесіне автокөлік құралының ағымдағы тұрған жері туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде беретін спутниктік навигация аппаратурасымен автокөлік құралдарын жабдықтауға;

6) жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін маршруттың аялдама пункттерінде өздері не автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері арқылы сатуды, оның ішінде оларды Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғылары арқылы сатуды қоса алғанда, электронды сатуды қамтамасыз етуге;

7) жолаушылар және багаж тасымалының тарифтерін жариялауға, оларды шарттарда, жол құжатында (билетте) және багаж түбіртегінде тіркеуге;

8) жарияланған тарифтерді сақтауға және тарифтердің алдағы өзгеруі туралы жолаушыларды күні бұрын хабардар етуге;

8-1) жолаушылар мен багаж тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпаратты "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде беруге;

9) тасымалдауларды жүзеге асыру қауіпсіздігі үшін жауапты адамды айқындауға;

10) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.

3. Жолаушылардың және багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалдарын (таксиден басқа) жүзеге асыратын тасымалдаушы:

1) осы баптың 2-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5-1) тармақшаларында көрсетілген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге;

2) рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруден өткені және автокөлік құралын техникалық қарап тексеруден өткізгені туралы белгісі бар борт журналы болуға;

3) жолаушылардың қауіпсіз отырғызылуы мен түсірілуін қамтамасыз етуге;

3-1) жолаушылар мен багаж тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпаратты "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде және орыс тілінде беруге;

4) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.

4. Он алты жасқа толмаған, ата-анасы және (немесе) өзінің заңды өкілі ертіп жүрмеген адамды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіріп кетуге тыйым салынады.

**Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2015 № 312-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI**

(01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2024 № 72-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 23-бап. Жолаушыларды және багажды республикашілік автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының талаптары

Ескеरту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Жолаушыларды және багажды республикашілік автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартында:

- 1) тариф;
- 2) жол жүру құжаттарын (билеттер) сату тәртібі мен орны, олардың жолаушыларда болуын бақылауды жүзеге асыру;
- 3) облыстардың (республикалық манзызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілеген тариф тасымалдау шығындарын жаппаса, сондай-ақ жолаушылар мен багажды жеңілдік жағдайларымен немесе тегін тасымалдау үшін тасымалдаушыға өтем төлеу мөлшері мен мерзімдері;
- 4) маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесі, типі (класы) және саны;
  - 4-1) маршрутта пайдаланылатын автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды жаңарту жөніндегі талаптар;
- 5) тараптардың шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапкершілігі;
- 6) шарттың қолданыста болуының кемінде үш жыл болатын ең аз мерзімі;
- 7) шарттың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі көзделуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасының заң актілерінде жолаушыларды және багажды республикашілік автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының өзге де міндетті талаптары белгіленуі мүмкін.

3. Тасымалдаушы мен жергілікті атқарушы органдар жолаушылар мен багажды автомобильмен республикашілік тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының талаптарын сақтауға міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

4. Жергілікті атқарушы органдар жолаушылар мен багажды автомобильмен республикашілік тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орнатылатын жолаушыларды отырғызу мен түсіру пункттерін безендіруді және күтіп-ұстауды қамтамасыз етуге;

2) автобустар, шағын автобустар және троллейбустар қозғалысының белгіленген кестесінің сақтауын бақылауды жүзеге асыруға міндettі.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

#### **24-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру**

1. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автовокзалдар (автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері) аумағынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша жолаушылар отырғызына тыйым салынады.

2. Республикашілік қатынаста тұрақты емес тасымалдау кезінде жолаушылар мен багажды тасымалдау шарты тапсырыс беруші мен тасымалдаушы арасында екі данада – тараптардың әрқайсысына бір-біреуден жазбаша нысанда жасалады.

Бұл ретте шартта:

1) шарттың мәні;  
2) сапардың мақсаты;  
3) жүріс маршруты, жолаушыларды отырғызу мен түсірудің бастапқы және соңғы пункттері;

4) жеткізу мерзімі;  
5) кіре ақысы;  
6) тараптардың құқықтары мен міндеттері;  
7) шарт бойынша міндеттемелерді тараптардың орындаамағаны немесе тиісінше орындаамағаны үшін жауапкершілігі;  
8) дауларды шешу тәртібі;

9) жолаушылар тізімінің болуы көзделуге тиіс.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

## **25-бап. Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдау**

1. Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сай келетін автобустармен жүзеге асырылады.

2. Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталуға тиіс.

3. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген тану белгісі орнатылуға тиіс.

4. Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауға жасы кемінде жиырма бес таңдағы санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар жүргізушіге рұқсат етіледі.

5. Екі және одан көп автобус колонналарына жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның арнаулы автомобилдері ілесіп жүргуге тиіс.

**Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.04.2014 № 195-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **26-бап. Жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру**

1. Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер немесе занды тұлғалар таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруды бастар алдында жергілікті атқарушы органға "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметтің басталғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

2. Таксимен тасымалдаушылар:

1) интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың тасымалдауларды жүзеге асыруын қоспағанда, Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін бірыңғай түсті гаммасы және айырым белгілері бар таксилерді пайдалануға;

1-1) жүргізушіні Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес онымен еңбек шарты жасалғаннан кейін женіл таксиді басқаруга жіберуге;

**2) алдың тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

3) автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық қарап тексеруден, такси жүргізушілерінің рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруден өтуін қамтамасыз етуге;

4) алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге;

6) жолаушының такси көрсететін қызмет құны (бағасы) туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге;

7) он және одан көп такси болған кезде әрбір он таксиге шаққанда арнаулы жүріп-тұру құралдарын пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін ыңғайластырылған кемінде бір таксиінің болуына;

8) такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Таксимен тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

2-1. Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға осы бапта көрсетілген талаптарды дербес орындаиды.

2-2. Осы баптың 2-тармағының 7) тармақшасын қоспағанда, интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның осы бапта белгіленген талаптарды сақтауын бақылау ақпараттық-диспетчерлік такси қызметіне жүктеледі.

3. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының:

1) такси тұрағы, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған такси тұрақтарын пайдалануға;

2) жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтай отырып, жол желісінің кез келген участкелерінде жолаушыларды отырғызууды және түсіруді жүргізуге;

2-1) ақпараттық-диспетчерлік қызметінің болуына немесе ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасуға;

2-2) автокөлік құралын таксометрен жабдықтауға;

3) жергілікті атқарушы органдарға арнайы жабдықталған такси тұрақтарын ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар беруге құқығы бар.

Таксимен тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары бар.

4. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге де тұлға құратын ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі интернет-платформаларды және (немесе)

платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬдік қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың, таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тіzlіміне енгізілген таксимен тасымалдаушылармен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде шарт жасасады.

Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬдік қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, таксимен тасымалдаушы ретінде қызметтінің басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туралы мәліметтер рұқсаттар және хабарламалардың мемлекеттік электрондық тіzlімінде орналастырылады.

5. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары әуежайларда, вокзалдарда, 1 және 2-санатты стационарлық сауда объектілерінде, сауда базарларында, театрларда, цирктерде, кинотеатрларда, мәдени-демалыс үйімдарында (мәдениет және демалыс парктері), сондай-ақ аландарда, даңғылдарда, көшелерде, орамдарда такси тұрақтарын үйімдастыруды және жабдықтауды, электрқуаттау станцияларына арналған инженерлік инфрақұрылымды үйімдастыруды қамтамасыз етеді.

6. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау қызметі осы Заңның талаптарына, Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және ұлттық стандарттарға сәйкес болуға тиіс.

**Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - КР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - КР 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.07.2024 № 126-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**26-1-бап. Автокөлік құралын жалдау шарты бойынша жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды үйімдастыру**

Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬдік қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар автокөлік құралын жалдау

шарты бойынша жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге құқылы.

Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобиЛЬдік қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың, таксимен тасымалдаушы ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға автокөлік құралын жалдау шарты бойынша жеке тұлғаға жеңіл автомобиль ұсынады.

Осы Заңның 26-бабы 2-тармағының 1), 1-1), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларын қоспағанда, жеке тұлғаның талаптарды сақтауын бақылау жеңіл автомобильдің иесі болып табылатын дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға жүктеледі.

**Ескерту. 26-1-баппен толықтырылды – ҚР 20.04.2023 № 226-VII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **26-2-бап. Таксимен тасымалдаушылармен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарт**

Ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету шарты бойынша таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметі клиенттердің таксимен тасымалдаушыларға не тікелей такси жүргізушилеріне тапсырыстарын ұсынады.

**Ескерту. 26-2-баппен толықтырылды – ҚР 20.04.2023 № 226-VII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **27-бап. Жалпы пайдаланудағы көлікпен тасымалдау кезінде жолаушылардың жекелеген санаттарына арналған басымдықтар**

1. Жолаушылардың жекелеген санаттары мынадай басымдықтарға ие:

- 1) автобусқа, троллейбусқа, таксиге кезектен тыс отыру құқығы;
- 2) автобустың, троллейбустың алдыңғы бөлігінде арнайы орындар бөлу.

Көрсетілген артықшылықтарды мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады;

3) кезексіз билеттер сатып алу құқығы бар.

Аталған артықшылықты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері пайдаланады.

2. Автовокзалдарда:

- 1) 5 жасқа дейінгі балалары бар жолаушыларға және жүкті әйелдерге қосымша қызмет көрсетуге арналған ана мен бала бөлмесі;
- 2) мүгедектігі бар жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған құрылғылар жасалады.

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын көлік мүгедектігі бар жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған құрылғылармен жабдықталады.

Мемлекеттік органдар жолаушыларды тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізген кезде көлік құралдары мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуіне ыңғайластырылған жеке және заңды тұлғалар артықшылыққа ие болады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.04.13 № 40 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.05.2020 № 323-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 27-1-бап. Автомобиль көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі

1. Мүгедектігі бар адамдардың автомобиль көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі үшін автовокзалдар мен автостанцияларда:

1) мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған, арнаулы жол белгілері орнатылған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кірме жолдың (ғимаратқа кіреберістің, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының, мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, есту және көру қабілеттері бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықталуы;

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін кезекші кресло-арбаның болуы;

5) құту залдарында кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдардың қажеттіліктері ескеріле отырып жабдықталуға тиіс, мүгедектігі бар адамдарға арналған арнаулы орындардың бөлінуі;

6) қоғамдық дәретханалардың кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықталуы;

7) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету үшін арнаулы билет кассаларының жабдықталуы;

8) кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнаулы таксофондардың орнатылуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының күші жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қатысты қолданылады.

3. Әуежайларда, вокзалдарда, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, бос уақытты өткізу және демалыс объектілерінде,

сондай-ақ аландарда, даңғылдарда, көшелерде, орамдарда мүгедектігі бар адамдардың арнаулы автокөлік құралдарын қоюға арналған тегін тұрақ орындары бөлінеді, оларға өзге автокөлік құралдары қойылмауға тиіс.

Егер тұрақ орындарының саны:

- 1) қоса алғанда онға дейін болса – мүгедектігі бар адамның арнаулы автокөлік құралын қою үшін бір орын;
- 2) оннан астам болса – мүгедектігі бар адамның арнаулы автокөлік құралын қою үшін тұрақ орындарының жалпы санының кемінде он пайызы бөлінеді.

Бұл ретте, егер есептеу қорытындысы бойынша тұрақ орындарының саны 0,5-тен бастап және одан жоғары бөлшек мәнді құраса, мұндай мән бүтін бірліктерге дейін дөңгелектеуге жатады.

4. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық тасымалдауды жүзеге асыру үшін сатып алынатын автокөлік құралдарын жасаушы зауыт халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын тасымалдау үшін ыңғайластыруға тиіс.

**Ескерту. 3-тaraу 27-1-баппен толықтырылды - КР 04.07.2013 № 132-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – КР 27.06.2022 № 129-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Зандарымен.**

## **28-бап. Сот иесіз деп танығанға дейін багажға билік ету**

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жолаушы немесе багажды алуға уәкілетті адам тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша багажды алмаған жағдайда, тасымалдаушы багажды сот иесіз деп танығанға дейін межелі немесе жөнелту пунктінің автовокзалында немесе автостанциясында сақтауға міндетті.

2. Сот багажды иесіз деп таныған жағдайда, багаждың жаңа иесі тасымалдаушыға оның сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті, оны сақтауға, тиеп-түсіру операцияларына және тасымалдауға жұмсалған шығыстарды өтейді.

## **29-бап. Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережелері**

Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережелерінде:

- 1) жол жүру құжаттарының (билеттердің), багаж түбіртектерінің нысаны, сатылу тәртібі мен қолданылу мерзімі;
- 2) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының ашылу және жабылу тәртібі, тасымалдаулардың көрсетілген түрлерін орындау үшін пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың санитариялық жай-күйіне, сыртқы безендірілуіне және жабдықталуына қойылатын талаптар;

2-1) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауларда шұғыл шақыру жүйесін ұйымдастыру тәртібі;

3) жолаушылар мен багажды автомобильмен республикашілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі ;

4) маршрутқа қызмет көрсету құқығына күәлік беру, тоқтата тұру және кері қайтарып алу тәртібі мен шарттарат, оны беруден бас тарту шарттарат мен негіздері, сондай-ақ нысаны;

5) автовокзалдарға, автостанцияларға, жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібі;

6) жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

7) тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен және женіл автомобильдермен жолаушыларды және багажды тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

8) жолаушыларды және багажды таксилермен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

9) багажды қабылдау, сақтау және беру тәртібі;

10) жол жүру құжаттарын (билеттерін) және олардың құнын қайтару тәртібі мен шарттарат;

11) халықаралық және республикашілік тұрақты тасымалдау маршруттарында жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін, сондай-ақ таксимен тасымалдау кезінде жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін безендіру мен күтіп-ұстауға қойылатын талаптар;

12) жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жүргізушілерді рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруді ұйымдастыру және одан өткізу тәртібі;

13) жол жүру құжаттарын (билеттерді) алдын ала және электронды сатуды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

14) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметтеріне қойылатын талаптар айқындалады.

**Ескерту.** 29-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

**4-тaraу. Жүктөрді және пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 499-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **30-бап. Жүкті автомобильмен тасымалдау шарты**

1. Жүкті автомобильмен тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы өзіне жүк жөнелтуші сеніп тапсырған жүкті, тасымалдау шарттарын сақтай отырып, межелі пунктіне жеткізуге және оны жүкті алуға уәкілетті адамға (жүк алушыға) беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші шартқа немесе тарифке сәйкес автомобильмен жүк тасымалдағаны үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Жүкті автомобильмен тасымалдау шартын жасасу қағаз немесе электрондық нысанда тауар-көлік жүккүжатының жасалуымен расталады.

**Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **31-бап. Жүкті автомобильмен тасымалдау шартын өзгерту және бұзу**

Жүкті автомобильмен тасымалдау шарты өзгерген немесе бұзылған жағдайда тараптар, егер шартта өзгеше көзделмесе, шарт талаптары өзгергенге дейін немесе бұзылғанға дейін оны орындауға байланысты шығарған шығыстардың өтелуін талап етуге құқылы.

### **32-бап. Жүктөрді автомобильмен тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушының және жүк жөнелгүшінің құқықтары мен міндеттері**

1. Тасымалдаушының жүктөрді автомобильмен тасымалдау шарты бойынша:

1) өзінің сипаты, салмақ және көлем өлшемдері бойынша тасымалдау құжаттарында көрсетілген жүк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті автомобильмен тасымалдаудан бас тартуға;

2) егер жүкті одан әрі автомобильмен тасымалдау жүкті тасымалдау қауіпсіздігіне және оның сақталуына қатер төндірсе, жүкті түсіруге;

3) егер шартта өзгеше көзделмесе, осы баптың 2-тармағының 1), 4) тармақшаларына сәйкес, жүктөрді тасымалдау қауіпсіздігін немесе олардың сақталуын қамтамасыз етуге байланысты шығарған шығындарын өтеуге;

4) жүк жөнелтуші (жүк алушы) көрсеткен жаңа межелі пунктіне еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, автомобильмен тасымалдаудан бас тартуға және жүк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар етіп, жүкті оған қайтаруға құқығы бар; егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының осыларға байланысты қосымша шығыстарын жүк жөнелтуші (жүк алушы) төлейді.

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының зандарымен және шартпен белгіленген өзге де құқықтары бар.

2. Тасымалдаушы жүктерді автомобильмен тасымалдау шарты бойынша:

1) жүктерді тасымалдау қауіпсіздігіне және олардың сақталуына қатер төнгені туралы жүк жөнелтушіні (жүк алушыны) дереу хабардар етуге, бұл орайда жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) алынған нұсқауларды сақтауға, сондай-ақ жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін және олардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде өзі жүргізген әрекеттер туралы дереу хабардар етуге;

2) жүкті қабылдау кезінде тауар-көлік жүккүжатындағы жүк орындарының санына, олардың маркалануы мен нөмірлеріне қатысты жазбалардың дәлме-дәлдігін, сондай-ақ жүктің және оның орамасының сыртқы жай-күйін тексеруге;

3) автокөлік құралына тиеудің белгіленген нормаларын сақтау, автомобильмен тасымалдауды орындау қауіпсіздігін және жүктің сақталуын қамтамасыз ету мақсаттарында жүктің салынуы мен бекітілуін бақылауға;

4) жүк алушы автомобильмен тасымалдаушыға қатысы жоқ себептермен жүкті алмаған жағдайда, жүкті межелі пунктінде, келген күннен бастан отыз күн бойы, тез бүлінетін жүкті - төрт күн бойы сақтауға міндettі.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де міндettерді мойнына алады.

3. Жүк жөнелтушінің жүкті автомобильмен тасымалдау шарты бойынша:

1) мәлімделген жүкті тасу үшін тиеудің алдында автокөлік құралының жарамдылығын тексеруге;

2) мәлімделген жүкті тасу үшін автокөлік құралы жарамсыз болған жағдайда, тасымалдаушының қызметінен бас тартуға құқығы бар.

Жүк жөнелтушінің Қазақстан Республикасының зандарына және шартқа сәйкес өзге де құқықтары бар.

4. Жүк жөнелтуші жүкті автомобильмен тасымалдау шарты бойынша:

1) автокөлік құралының келу және кету уақыты туралы жолпараққа белгі соғуға;

2) автокөлік құралының жарамсыздығы себепті тасымалдаушының қызметінен бас тартқан жағдайда тиісті акт жасауға;

3) автокөлік құралына жүк тиеу процесінде Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген рұқсат етілген салмақ пен көлем өлшемдерінен асыруға жол бермеуге;

4) тасымалдаушыға тауар-көлік жүккүжатын, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажет болған жағдайларда, жүк тасымалдары үшін қажетті өзге де құжаттарды (сертификат, тиісті рұқсат, ветеринариялық құжаттар, кеден декларациялары) көрсетуге міндettі.

5. Жүктерді автомобильмен тасымалдау қызметтері осы Заңың, Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес болуға тиіс.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **33-бап. Автокөлік құралдарын беру, жүктерді тиеу және түсіру**

1. Тасымалдаушы Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелеріне және шартқа сәйкес жүктерді автомобильмен тасымалдауға жарамды автокөлік құралдарын автомобильмен жүк тасымалдауға қабылданған өтінімде (тапсырыста) немесе шартта белгіленген мерзімде тиеу үшін жүк жөнелтуге беруге міндетті.

2. Жүктерді автокөлік құралына тиеу (бекіту, жабу, байлау), сондай-ақ жүктерді түсіру Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелерінде көзделген талаптар сақтала отырып, шартта көзделген тәртіп пен мерзімдерде жүзеге асырылады.

Тасымалдаушы не жүк жөнелтуші өзінің сипатына қарай автомобиль жолдарының ластануын туғызуы және жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін жүктердің жабылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жүк жөнелтуші автокөлік құралдары жүк тиетін орынға келгенге дейін жүкті автомобильмен тасымалдауға тиеу, тасымалдау қауіпсіздігі, жүктің және автокөлік құралының сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп дайындауға міндетті.

### **34-бап. Жүкті автомобильмен тасымалдауға кедергілер**

1. Жүк жөнелтушінің кінәсінен жүкті автомобильмен тасымалдауға кедергілер туындаған жағдайда, тасымалдаушы осындаі кедергілер туындаған сәттен бастап бір тәуліктің ішінде бұдан әрі тасымалдау мүмкін еместігі туралы жүк жөнелтушіні хабардар етуге міндетті.

2. Жүк жөнелтуші жүкті автомобильмен тасымалдауға кедергілерді жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

3. Егер жүк жөнелтуші осы баптың 1-тармағына сәйкес тасымалдаушы хабардар еткен сәттен бастап үш тәулік ішінде (тез бүлінетін жүкке қатысты бір тәулік ішінде) жүкті автомобильмен тасымалдауға кедергілерді жою жөнінде шаралар қолданбаған жағдайда, автомобильмен тасымалдаушы үш тәулік ішінде жүктің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде келтірілген шығындарды ескере отырып, жүкті жүк жөнелтушіге соның есебінен қайтаруға, ал тез бүлінетін жүкті белгіленген тәртіппен өткізуге құқылы.

### **35-бап. Жүкті беру**

1. Тасымалдаушының жауапкершілігіндегі жүктің бүлінуі немесе бұзылуы салдарынан оның сапасының және (немесе) санының соншалықты өзгеруінен, жүкті тікелей мақсатында толық немесе ішінәра пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда ғана жүк алушы жүкті қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

2. Жүктерді қалааралық автомобильмен тасымалдау кезінде тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша жүкті жүк алушыға беру мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтуші Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен тасымалдаушыға жүкті жаңа межелі пунктіне жеткізу туралы нұсқау беруге міндетті.

### **36-бап. Құндылығы жарияланған жүктерді автомобильмен тасымалдау**

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушімен (жүк алушымен) келісім бойынша құндылығы жарияланған жүктер тасуы мүмкін.

2. Ілесусіз тасымалданатын бағалы металдарды (тастарды), олардан жасалған бұйымдарды, өнер заттарын, антикварлық мұліктерді және өзге де көркем құндылықтарды, бейне- және дыбыс аппаратураларын, электрондық-есептеу және көбейту техникаларын, машиналардың тәжірибелік үлгілерін, жабдықтарды, аспаптарды, жеке (тұрмыстық) қажетке арналған жүктерді автомобильмен тасымалдаған кезде құндылықты жариялау міндетті.

3. Құндылығы жарияланған жүктерді автомобильмен тасымалдау үшін жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) қосымша ақы алынуы мүмкін, оның мөлшері жүкті автомобильмен тасымалдау шарты бойынша тараптардың келісімімен белгіленеді.

### **37-бап. Қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдау**

1. Тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде олардың өзіндік ерекшелігіне байланысты техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыштардың жарылсына, өрт шығуына немесе бүлінуіне, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өлім-жітіміне, жарақат алуына және ауруына себеп болуы, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіруі мүмкін кез келген заттар, материалдар, бұйымдар, өндіріс және өзге де қызмет қалдықтары қауіпті жүктер деп танылады.

**1-1. Алып тасталды – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1-2. 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдары қозғалыс жылдамдығы, маршрутының сақталуы туралы деректерді нақты уақыт режимінде үздіксіз беру құрылғыларымен қосымша жабдықталады.

2. Қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауға ұсынған кезде жүк жөнелтуші жүжаттарда (тауар-көлік жүккүжатында, автокөлік құралының жүргізушісіне арналған

жазбаша нұсқаулықта) осы жүктен туатын нақты қауіпті және қолданылуы тиіс сақтық шараларын көрсетуге міндettі.

Автокөлік құралының жүргізушісіне арналған жазбаша нұсқаулықтар автомобильмен тасымалдаушыға қауіпті жүкті автомобильмен тасымалдауға арналған тапсырыс түскеннен кешіктірілмей берілуге тиіс.

3. Қауіпті жүктерді тиеуді және түсіруді осы жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар (жіберілген) жук жөнелтуші, жук алушы жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-класты қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру құжаты – Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат негізінде, арнайы бейімделген автомобильмен немесе осы мақсаттар үшін арнайы қайта жабдықталған басқа да автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

5. Жүргізушіге халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы қуәлікті халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер немесе занды тұлғалар береді.

6. Дара кәсіпкер немесе занды тұлға халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастар алдында "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органға белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндettі.

7. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларында:

- 1) қауіпті жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;
- 2) қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілеріне қойылатын талаптар;
- 3) қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптар;
- 4) қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұру тәртібі;
- 5) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсатты беру тәртібі;
- 6) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы қуәлікті беру тәртібі айқындалады.

8. Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы қуәлікті уәкілетті орган міндettі техникалық қарап тексеруден өтудің белгіленген мерзімділігіне сәйкес келесі міндettі техникалық қарап тексеруден ету мерзімі көрсетілген техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасы негізінде береді.

Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктөрді тасымалдауға жіберу туралы куәлік техникалық қарап тексерудің диагностикалық картасының қолданыс мерзіміне беріледі.

Ескерту. 37-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2014 № 195-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **38-бап. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктөрді автомобильмен тасымалдау**

1. Автокөлік құралының көлемі мен салмағын ескергенде, автомобиль жолдарымен жүру үшін автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген, рұқсат етілген көлемдік және салмақтық параметрлерден асатын жүктөр ірі көлемді және ауыр салмақты жүктөр деп танылады.

2. Бөлінбейтін жүктөрді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктөрді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, үекілетті орган белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүргүге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін өлшемдерінен габариттері және (немесе) массасы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша асып түсетін жүгі бар отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуіне жол берілмейді.

2-1. Техникалық жол берілетін ең жоғары массасы он екі тоннадан асатын автокөлік құралдарының иелері автоматтандырылған өлшеу станциялары жұмыс істейтін аймақ арқылы жүріп өткен кезде автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалған тәртіппен автоматтандырылған өлшеу станциясында осындай автокөлік құралының нақты салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеуді қамтамасыз етуге міндетті.

3. Алып тасталды - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Автокөлік құралдарының меншік иелері, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында автокөлік құралдарын иеленетін тұлғалар, сондай-ақ автокөлік құралын экипажымен қоса жалдау шарты бойынша беру жағдайларын қоспағанда, автокөлік құралдары уақытша иеленуге және пайдалануға берілген тұлғалар; егер автокөлік құралы Қазақстан Республикасының аумағымен халықаралық тасымалдарды жүзеге асырса, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті

сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылар осы баптың 2-1-тармағындағы автокөлік құралдарының иелері деп танылады.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **38-1-бап. Жұктерді өзі аударғыш автомобильмен тасымалдау**

Ескерту. 4-тaraу 38-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

38-2-баппен толықтыру көзделген – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **39-бап. Пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау**

1. Тасымалдаушылар пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдауды пошта операторларымен жасалған пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау шарты негізінде жүзеге асырады.

2. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау үшін арнайы жасалған автокөлік құралы пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау шартына сәйкес қатаң тікелей мақсатында пайдаланылуға тиіс. Мұндай автокөлік құралында пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдауға қатысы жоқ бөгде адамдарды тасымалдауға тыйым салынады.

3. Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерін ұсынатын пошта операторы көлігінің автомобиль, теміржол, су станциялары мен вокзалдарының, әуежайлардың аумактарында орналасқан жүк және багаж кешендеріне пошта жөнелтілімдерін алмасу үшін өтуі бірінші кезекте және ақысыз жүзеге асырылады.

4. Егер пошта жөнелтілімдерін автомобильмен тасымалдау шартында өзгеше белгіленбесе, пошта жөнелтілімдерін тиेуді және түсіруді, сондай-ақ оған ілесіп жүруді және оның журу жолында сақталуын пошта операторлары қамтамасыз етеді. Егер шарт талаптарынан өзгеше жағдай туындармаса, автомобильмен тасымалдау кезінде пошта жөнелтілімдерінің сақталуы мен тұтастыры үшін пошта операторы жауаптылықта болады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 499-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### 40-бап. Жүктөрді аралас тасымалдау

Бірыңғай тауар-көлік жүккүжаты (бірыңғай коносамент) бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктөрді тасымалдауға қатысадын тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да тұлғалардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### 41-бап. Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелері

Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелері:

- 1) жүкті жеткізу мерзімін;
- 2) жүкті автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін;
- 3) тауар-көлік жүккүжатының нысанын және оны қолдану тәртібін;
- 4) жүк тиесінде түсіру пункттеріне қойылатын талаптарды;
- 5) автомобильмен тасымалдауға жүктөрді қабылдау, сондай-ақ жүкті межелі пунктінде өндөу, сақтау және беру тәртібін;
- 6) тез бүлінетін жүкті өткізу тәртібін;
- 7) құндылығы жарияланған жүк тасымалдау тәртібін;
- 8) жүкті маркалау тәртібін;
- 9) жүкті пломбалау тәртібін;
- 10) актілер жасау тәртібін;
- 11) жүкті тасымалдау шарттарын өзгерту және бұзыту тәртібін;
- 12) жүкті ұстап қалу тәртібін;
- 13) жүктің жекелеген түрлерін тасымалдау тәртібін;
- 14) халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктөрді тасымалдайтын автокөлік құралдарын куәландыру тәртібін;
- 15) тез бұзылатын жүктөрді тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптарды айқындейді.

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### 41-1-бап. Жүктөрді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеу

Тасымалдаушының уәкілетті орган айқындастырылған тәртіппен уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүктөрді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік

құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеуге құқығы бар.

Ескерту. 4-тaraу 41-1-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 5-тaraу. Халықаралық автомобиль тасымалдары

### 42-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдарын мемлекеттік реттеу

1. Халықаралық автомобиль тасымалдары Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы зандарына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіру және одан сыртқа шығу, сондай-ақ оның аумағы арқылы транзитпен жүріп өту тәртібін үәкілетті орган айқындауды.

3. Халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаудың рұқсат етілген жүйесі қолданылатын елдерде халықаралық автомобиль тасымалдарын орындау үәкілетті орган беретін рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

Шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуге рұқсаттар және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағымен жүріп өтуге рұқсаттар беруді – осы Заңың 19-7-бабына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасында халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларға рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларында белгіленген тәртіппен, шетелдік рұқсаттар бланкілерін автоматты түрде үlestіру жүйесін пайдалана отырып мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүргізеді.

Егер халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаудың рұқсат ету жүйесі қолданылатын елдерге қатысты рұқсаттарға сұраныс Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына берілетін рұқсаттар санынан асса, онда рұқсаттар бірінші кезекте:

- 1) гуманитарлық жүктерді автомобильмен тасымалдауға;
- 2) Қазақстан Республикасында өндірілетін жүктерді автомобильмен экспорттық тасымалдауға;
- 3) көліктің басқа түрлерінің тасымалдаушыларымен бірлесіп орындалатын автомобиль тасымалдарына;
- 4) тез бүлінетін өнімдерді автомобильмен тасымалдауға;
- 5) жолшыбай бағытта орындалатын автомобильмен тасымалдауларға беріледі.

4. Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының және шет мемлекет тасымалдаушыларының халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаған кезде

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы Зандастырылған бағылауды осы Заңның 19-7-бабына сәйкес мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүзеге асырады.

5. Шет мемлекет тасымалдаушылары Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаған кезде пайдаланатын автокөлік құралдарын уәкілетті органның лауазымды адамдары тексеріп қарауы мүмкін.

Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандастырылған.

#### **43-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық тасымалдауды үйимдастыру және жүзеге асыру**

1. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты халықаралық тасымалдау уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті құзыретті органы арасында автобустардың, шағын автобустардың келісілген маршруттары (бастапқы, соңғы және аялдау пункттерін көрсете отырып) және қозғалыс кестесі бойынша үйимдастырылады.

2. Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық тұрақты емес тасымалдауды орындаған кезде автобус жүргізушілерінде уәкілетті органның лауазымды адамдары қуәландырған жолаушылар тізімі болуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасымен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттері арқылы ғана жүзеге асырылады.

4. Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасы облысының шет мемлекетке шығу немесе шет мемлекеттен кіру жүзеге асырылатын елді мекендері арасында отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тасымалдаудың қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде құжаттарды ресімдеу және тұрақты маршруттар бойынша жолаушыларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын автобустарды өткізу кезектен тыс жүргізіледі.

Ескерту. 43-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандастырылған.

#### **44-бап. Шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды , багажды, жүктөрді автомобильмен тасымалдаулар**

Шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен:

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында;

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша мемлекеттік есепке қойылған автокөлік құралдары үшін халықаралық қатынаста жолаушыларды, багажды, жүктөрді тасымалдау жөніндегі кесіпкерлік қызметке тыйым салынады.

Ескерту. 44-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **45-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру кезінде тасымалдаушыларға, жүргізушилерге және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар**

1. Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыратын тасымалдаушылар халықаралық талаптарға сай келетін, өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері бар автокөлік құралдарын пайдалануға тиіс.

Белгіленген талап тіркемелер мен жартылай тіркемелерге қолданылмайды.

2. Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүргізушилері Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында белгіленген жүргізушилердің еңбегі мен тынығуы режимін сақтауға міндетті.

3. Жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдаулар уәкілетті орган беретін автомобильмен халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат ету туралы куәліктің және автокөлік құралдарына рұқсат ету карточкасының негізінде жүзеге асырылады. Тасымалдаушыға қойылатын талаптар Жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидасында белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасында тіркелген, тез бұзылатын жүктөрді тасымалдауға арналған автокөлік құралдарында автомобильмен халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган беретін Автомобиль көлігімен жүктөрді тасымалдау қағидасында белгіленген талаптарға олардың сәйкестігі туралы куәлік болуға тиіс.

5. Шет мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында межелі пунктпен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асырған кезде сәйкестендіру құралдары пайдаланыла отырып өткізіледі.

Сәйкестендіру құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындейдай.

6. Алып тасталды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 348-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.11.2021 № 72-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **6-тарау. Автомобиль көлігіндегі жауапкершілік**

### **46-бап. Автокөлік құралдарын жөнелтуді кідірткені үшін жүк жөнелтушілер мен жүк алушылардың жүкті автомобильмен тасымалдау шарты бойынша жауапкершілігі**

1. Тиеуге немесе түсірге берілген автокөлік құралдарының келісілген мерзімнен тыс бос тұрганы үшін жүк жөнелтуші немесе жүк алушы, егер кідіру өздерінің кінәсінен болса, тасымалдаушыға тараптардың келісімімен (шартымен) көзделген айыппұл төлейді, ал аталған келісім болмаған жағдайда - бос тұрган әрбір сағаты үшін:

- 1) жүк көтергіштігі төрт тоннаны қоса алғанға дейінгі автокөлік құралдары бос тұрган кезде - айлық есептік көрсеткіштің он екі проценті мөлшерінде;
- 2) жүк көтергіштігі төрт тоннадан жеті тоннаны қоса алғанға дейінгі автокөлік құралдары бос тұрган кезде - айлық есептік көрсеткіштің он үш проценті мөлшерінде;
- 3) жүк көтергіштігі жеті тоннадан он тоннаны қоса алғанға дейінгі автокөлік құралдары бос тұрган кезде - айлық есептік көрсеткіштің он төрт проценті мөлшерінде;
- 4) жүк көтергіштігі он тоннадан астам автокөлік құралы бос тұрган кезде - айлық есептік көрсеткіштің он бес проценті мөлшерінде төлейді.

2. Арнайы бейімделген автокөлік құралдарының бос тұруы кезінде осы баптың 1-тармағында аталған айыппұл мөлшері екі есе ұлғаяды.

Аталған айыппұлды жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы, өздерінің кінәсінен автокөлік құралдары тасымалдаушының көлік жайында немесе жол үстінде тұрып қалғаны үшін де төлейді.

3. Автокөлік құралдарының тұрып қалғанына айыппұл есептеу үшін тауар-көлік жүккүжатындағы және жолпарақтағы келу және кету уақыты туралы белгілер, ал көлікжайда тұрып қалғаны үшін жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жүкті жөнелтуден немесе қабылдаудан бас тартуы негіз болып табылады.

4. Автомобиль тасымалдарына тыйым салынған жүкті немесе автомобиль тасымалдары кезінде ерекше сақтық шараларын талап ететін, атауы немесе өзіндік

ерекшелігі толық көрсетілмеген жүкті ұсынғаны үшін, жүк жөнелтуші келтірілген шығындардан басқа, тасымалдаушыға шартта көрсетілген тасымалдау ақысының бес есе мөлшерінде айыппұл төлейді.

5. Жүк жөнелтушілер мен жүк алушылар жүкті тиеу және түсіру, дұрыс тилемеу, дұрыс буып-түймеу немесе дұрыс бекітпеу кезінде бұл операцияларды тасымалдаушы жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, автокөлік қуралдарына артық тиеу, олардың зақымдануы салдарынан тасымалдаушыға өздерінің кінәсінен келтірген шығындарының орнын толтыруға міндетті.

Тауар-көлік жүккүжатында кедендік, санитарлық және басқа да ережелерді орындау үшін қажет тиісті құжаттар қоса берілмеуі салдарынан автокөлік қуралдары мен контейнерлердің кідіртілгені үшін жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдаушыға осы баптың 1 және 2-тармақтарында және осы Заңның 49-бабында белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.

#### **47-бап. Жолаушыны және багажды жөнелтудің кідіртілгені немесе межелі пунктке кешігіп жеткені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі**

1. Тасымалдаушының кінәсінен жолаушы тасымалдайтын автокөлік қуралының кідірғені немесе мұндай автокөлік қуралының межелі пунктке (қалалық, қала маңындағы, ауданішілік және ауылдық қатынастар тасымалын қоспағанда) кешіккені үшін тасымалдаушы кешіккен әрбір сағат үшін жолаушыға жол жүру құжаты (билеті) құнының үш проценті мөлшерінде айыппұл төлейді, егер кідіру немесе кешігу енсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, келтірілген зиянды да өтейді. Бұл орайда айыппұл сомасы жолаушы сатып алған жол жүру құжатының (билетінің) құнынан аспауға тиіс.

2. Жөнелтудің кідіртілуіне байланысты жолаушы автомобиль тасымалынан бастартқан жағдайда, тасымалдаушы жолаушыға жол жүру ақысын толық мөлшерде қайтаруға, сондай-ақ мұндай кідіріске байланысты оның шеккен шығындарын өтеуге міндетті.

3. Тасымалдаушы багажды жеткізу мерзімін кешіктіргені үшін багажды алушыға толық емес тәулікті толық тәулік деп есептей отырып, кешіктірген әрбір тәулікке багажды автомобильмен тасымалдау төлемақысының он проценті мөлшерінде, бірақ тасымалдау ақысының елу процентінен аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

Багажды жеткізу мерзімінің өтуі багаж келуге тиіс күнтізбелік күнгі сағат жиырма төрттен бастап есептеледі. Багажды жеткізу мерзімінің өтіп кеткені үшін айыппұлды тасымалдаушы жолаушының талабы бойынша жасалған акт негізінде багажды беру кезінде төлейді.

4. Тасымалдаушы багажды жөнелтушіден немесе алушыдан кідіртуге байланысты туындаитын шығындарды, егер олар орын алған болса, өтеуге міндетті.

5. Ауданаralық (облысішлік қалааралық) облысаралық қалааралық және халықаралық маршруттарда автобусты, шағын автобусты жөнелту тасымалдауышының кінәсінен сегіз сағатқа және одан да көп уақытқа кешіктірілген жағдайда тасымалдаушы жолаушыларға өз есебінен қонақ үйден орын алғып беруге және тамақпен қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жолаушының сұрауы бойынша автомобиль тасымалы мерзімінде кешігүі немесе рейстің тоқтатылуы туралы оған ресми құжат беріледі немесе жүру құжатында (билетте) белгі соғылады.

7. Рейс тоқтатылған кезде, еңсерілмейтін күштің әсер ету жағдайларын қоспағанда, тасымалдаушы жолаушының таңдауы бойынша жолаушыны жүру құжатында (билетінде) көрсетілген межелі пунктке дейін жыық арада жүретін рейспен жөнелтуді қамтамасыз етуге немесе жолаушыға жол жүру құжатының (билеттің) екі еселенген құнын қайтарып беруге міндетті.

**Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **48-бап. Жүктерді автомобильмен тасымалдау шарты бойынша автокөлік құралдарының берілмеуі және пайдаланылмауы үшін жауапкершілік**

1. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тасымалдаушы автокөлік құралдарын жүктерді автомобильмен тасымалдау шарты бойынша, автомобильмен тасымалдау шартында көзделген мөлшерде бермегені үшін, жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) автокөлік құралын бермеген әрбір жағдай үшін, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

2. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тасымалдаушы пайдаланылуы уақытша тариф бойынша төленетін, автомобильмен тасымалдау шартында көзделген мөлшерде автокөлік құралдарын бермеген кезде, тасымалдаушы жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) автомобильмен тасымалдау шартында көрсетілген пайдалану уақытын ескере отырып, автокөлік құралдарын пайдалану құнының қырық проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

3. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, жүк жөнелтуші (жүк алушы) жүктерді автомобильмен тасымалдау шартында көзделген мөлшерде автокөлік құралдарын толық немесе ішінара пайдаланудан бас тартқан кезде, ол тасымалдаушыға автокөлік құралын пайдаланудан бас тартқан әр жағдай үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе жұмысы уақытша тариф бойынша төленетін автокөлік құралдарын пайдаланудан бас тартқан кезде, автомобильмен тасымалдау шартында көрсетілген пайдалану уақытын негізге алғып, автокөлік құралдарын пайдалану құнының қырық проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

## **49-бап. Контейнерлердің берілмегені және пайдаланылмағаны үшін жауапкершілік**

Тасымалдаушының контейнерлерді жүк жөнелтушіге бермегені үшін, ал жүк жөнелтуші контейнерлерді пайдаланбағаны үшін тасымалдаушыға тараптардың келісімінде көзделген мөлшерде, кідіртілген әрбір сағат үшін, ал аталған келісімдер болмаған жағдайда:

- 1) жалпы салмағы бес тоннадан кем контейнер үшін айлық есептік көрсеткіштің он бес проценті;
- 2) жалпы салмағы бес тоннадан он тоннаға дейінгі контейнер үшін айлық есептік көрсеткіштің отыз проценті;
- 3) жалпы салмағы он тоннадан асатын контейнер үшін айлық есептік көрсеткіштің алпыс проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

## **50-бап. Жүк жөнелтушінің құжаттарды уақтылы бермегені үшін жауапкершілігі**

Жүк жөнелтуші жүкті автомобильмен тасымалдау үшін қажетті құжаттардың уақтылы берілмеуі салдарынан келтірілген шығындар үшін, сондай-ақ ол тауар-көлік жүккүжатында көрсеткен мәліметтердің дұрыс еместігі, дәл еместігі немесе толық еместігі үшін тасымалдаушының алдында жауапты болады.

## **51-бап. Тасымалдаушының жүктің немесе багаждың жоғалғаны, жетіспегені және зақымданғаны (бұлінгені) үшін жауапкершілігі**

1. Тасымалдаушы жүкті немесе багажды тасымалдауға қабылдап алған кезден бастап - алушыға, оған уәкілетті адамға немесе багажды алуға уәкілетті адамға бергенге дейін олардың сақталуын қамтамасыз етеді.
2. Тасымалдаушы, егер жүктің немесе багаждың жоғалғаны, жетіспегені немесе зақымданғаны (бұлінгені) өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, жүктің немесе багаждың жоғалғаны, жетіспегені немесе зақымданғаны (бұлінгені) үшін жауап береді.
3. Жүкті немесе багажды тасымалдау кезінде келтірілген зиян Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде өтеледі.
4. Тасымалдаушы анықталған зиянды өтеумен қоса жөнелтушіге (алушыға) жоғалған, жетіспеген, бұлінген немесе бұзылған жүк пен багажды тасымалдағаны үшін өндіріп алынған тасымалдау төлемақысын, егер бұл ақы жүктің құнына кіrmесе, қайтарады.

**Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **52-бап. Жүктерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылық**

Тасымалдаушы жүктерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін, егер кешіктіру өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) кешіктірілген әрбір тәулік үшін тасымалдау төлемақысының бес пайызы мөлшерінде, бірақ тасымалдау төлемақысының елу пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **53-бап. Жауаптылықтан босату**

1. Тасымалдауышының кінәсі дәлелденген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушы қол жүгі ретінде жолаушы өзімен бірге алып жүрген бағаждың сақталуына жауапты болмайды.

2. Егер жүкті автомобильмен тасымалдау туралы шартта өзгеше көзделмесе, жүк жөнелтуші, жүк алушы апат немесе еңсерілмейтін күш салдарынан тиеу-тұсіру жұмыстарын жүргізу мүмкін болмаған жағдайда жауаптылықтан босатылады.

### **54-бап. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **54-1-бап. Өтпелі ережелер**

1. Осы Заңның 1-бабының 2) және 9) тармақшаларында белгіленген, автовокзалдар мен автостанциялар аумағының алаңына қойылатын талаптар 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін пайдалануға қабылданған автовокзалдар мен автостанцияларға қолданылмайды.

2. 37-баптың 1-1-тармағының қолданысы 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

3. Осы Заңның 11-бабының 4 және 5-тармақтарының қолданысы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. Заң 54-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **55-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9-баптың 3) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК